

Ә. НҰРШАЙЫҚОВТЫҢ КҮНДЕЛІК ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ДЕРЕК ПЕН БАЯНДАУ БІРЛІГІ

Айхынқызы Балнұр

магистрант

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті

Қазақстан

Аннотация. В статье рассматриваются особенности документальности и нарративных стратегий в творчестве казахского писателя Әзілхана Нұршайықова на материале его дневниковых записей. Особое внимание уделяется соотношению фактического и художественного начал, а также способам их реализации в тексте. Анализ показывает, что автор, опираясь на реальные жизненные события и документальные данные, создает выразительные художественные образы, раскрывающие внутренний мир личности. Выявляется, что нарративные формы, такие как повествование от первого лица, элементы диалогичности, включение писем, дневников и воспоминаний, способствуют усилению достоверности и эмоциональной выразительности произведений. Отмечается, что документальность в сочетании с лиризмом и публицистичностью формирует индивидуальный авторский стиль писателя. В результате исследования делается вывод о том, что дневниковые тексты Ә. Нұршайықова представляют собой синтез документального и художественного начал, обладающий значительным познавательным и эстетическим потенциалом.

Ключевые слова. документальность, нарратив, дневниковые записи, публицистика, художественный текст, авторская позиция, лиризм, Әзілхан Нұршайықов

Abstract. This article examines the features of documentary elements and narrative strategies in the works of the Kazakh writer Azil Khan Nurshaikhov based on his diary writings. Particular attention is paid to the correlation between factual and artistic components and the ways they are implemented in the text. The analysis

shows that relying on real-life events and documentary evidence, the author creates vivid artistic images that reveal the inner world of a person. It is determined that narrative forms such as first-person narration, dialogic elements, and the inclusion of letters, diaries, and memoirs enhance both the authenticity and emotional expressiveness of the works. The study highlights that documentary elements combined with lyricism and journalistic style form the writer's distinctive authorial voice. As a result, it is concluded that Nurshaikhov's diary texts represent a synthesis of documentary and artistic principles with significant cognitive and aesthetic value.

Keywords. *documentary elements, narrative strategies, diary writings, journalism, literary text, authorial voice, lyricism, Azilkhan Nurshaikhov*

Кез келген шығармашылық туындыны тұтастыққа апаратын – композиция. Шағын көлемді публицистикалық мақала болсын мейлі кең көлемді әдеби шығарма болсын, оның композициясында басты қызметті баяндау (нарратив) тәсілі атқарады. Француз, литва лингвисті және әдебиеттанушысы А.Ж. Греймас пен Ж. Курте нарративтілікті «кез келген дискурстың суреттеу ғана емес, ұйымдастырушы принципі де» (Греймас, Курте, 1983) деп айқындайды. Нарративтік тәсілдердің өзі түрленіп, алмасып отырады. Осыған орай баяндаудың тәсілдері өте көп. Соның бірі – деректі-баяндау тәсілдері. Бұндай тәсіл шындық пен көркемдіктің үйлесімінен тұратын ерекше әдеби кеңістікті құра отырып, фактілер мен нақты оқиғалар элементтерін көркем бейнелейді. Баяндаудың осындай ұтымды да дара сипатын біздің зерттеу нысанымызға айналып отырған Ә. Нұршайықов шығармаларынан көреміз. Сөзімізге журналист-жазушының «Екі естелік» эсселері нақты дәлел болары анық. Бұл естелік-эсседе қазақ әдебиетінің Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Мәлік Ғабдуллин, Әбділда Тәжібаев, Бауыржан Момышұлы сияқты ірі қайраткерлерінің тұлғалық болмысын деректілік негізге сүйене отырып танытады. Тек авторлық баяндауға

жүгінбей, нарративтік тәсілдерді түрлендіріп отырады. Кейіпкерлерімен кездесу, сұхбаттасу сәттеріндегі сезімдік түйсінулерін субъективті-эмоционалды реңкпен жеткізе отырып, оқырманның да эмоциялық бағамен қабылдауын ескеріп отырады. Шығармашылық тұлға болмысын аша түсудегі автордың субъективті- шығармашылық іс-әрекеті көркемдік таным мен парасатты пайымдауға ұласып жатады. Сөзімізге дәлел ретінде Ә. Нұршайықовтың Мұхтар Әуезов жайлы жазған «Әуезовтің Керекуге келуі» атты естелігіне тоқталсақ. Мұхаң жайлы әңгімесін: *«...Әуезов шетел иляпасын сол қолына ұстап, мейірлене күліп, баспалдақпен сабырлы түрде төмен қарай түсе бастады. Үстінде метродан мол етіп тігілген жолақты сұр костюмі бар. Кеудесінің сол жағында, кішкентай жалын болып, депутат значогі жарқырайды. Шалбардың бір кездері кең балағын кейін қысқарта тарылттырғанға ұқсайды. Сондықтанда жазушының аяғындағы сарғылт түсті таспадан өріле тоқылған жеңіл туфлиі жалт-жұлт етіп, айқын көзге түседі»* [1, 13], – деген жолдармен бастайды. Классик жазушы М.Әуезов жайлы өзі көрген-білгендерін жәй ғана баяндап қоймай, аға- інілі қыстық ілтипатпен сырлы байланыстыда сезімге бөлей көрсетіп, оқырманның қызығушылығын туындатады. *«...Маған бұрын Мұхтар Эльбрус шыңындай, тақаппар да суық жан сияқты болып көрінетін еді. Мұншама даңқы, атағы абыройы бар адам өзінен төмен ешкіммен амандаспайтын да, сөйлеспейтін де шығар деп ойлайтынмын.*

Бұл – жазушымен жақын таныспаған кезеңде қалыптасқан, сырттай болжамға негізделген үстірт пікір еді. Автордың өз сөзімен айтқанда: «Бұл – көлеңкеге қарап пішілген тон тәрізді сырттай жасалған болжау болатын. Мұхаңмен үш-төрт күн бірге болып, оның лебізін естіп, адамға үйірлігін, кісімен сөйлескіштігін көргенде, менің ол ойларым айдалада қалды» [2, 27]. Осы жолдар арқылы жазушының Мұхтар Әуезовке қатысты алғашқы әсерлері

мен кейінгі танымдық өзгерісі шынайы әрі бүкпесіз баяндалады. Бұл тәсіл автор мен оқырман арасындағы табиғи коммуникативтік байланысты нығайтып, кейіпкер бейнесін оқырман санасында айқын елестетуге мүмкіндік береді.

Шығармада тек автордың өзі куә болған оқиғалар мен тұлғалар жүйелі түрде баяндалып, деректілік пен көркемдік бірлікте беріледі. Мұхтар Әуезов туралы әңгіменің өрбуі шығарманың деректі-көркем сипатын танытса, оқиғалардың автор тарапынан тізбектеле, әсерлі жеткізілуі автордың нарраторлық қызметін айқындайды.

М. Әуезовтің Кереку өңіріне сапарына байланысты жазылған «Әуезовпен болған бес күн» атты естелік алғашында республикалық баспасөзде жарияланып, кейін толықтырылып «Екі естелік» деген атпен жарық көрді. Бұл еңбек өз кезеңінде оқырман тарапынан жоғары бағаланып, үлкен ілтипатқа ие болды. Аталған кітапта қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері – Мұхтар Әуезов пен Сәбит Мұқановтың тұлғалық бейнелері сомдалып, олардың көпшілікке беймәлім қырлары мен адамдық болмысы терең ашылады. Жас қаламгердің ұлы тұлғалармен жүздесуден алған әсерлері арқылы тек авторлық таным ғана емес, сонымен қатар сол дәуірдің рухани ахуалы, уақыт тынысы да көрініс табады.

Өмірде болған нақты оқиғаларды айқын деректер мен дәл мәліметтерге сүйене отырып бейнелі түрде баяндау – деректі жанрға тән басты ерекшелік. Бұл жанрға өмірбаяндық, естелік сипаттағы публицистикалық шығармалар мен көркем очерктер жатады. Деректі жанрдағы туындыларда көркемдік сипаттар өмір шындығын автордың ой елегінен өткізіп, оның сезімдік қабылдауы арқылы берілуімен ерекшеленеді [3]. Мұндай шығармаларда автордың өзі куә болған немесе құжаттық негізге сүйенген оқиғалар жүйеленіп, көркемдік тұрғыда ұсынылады. Қаламгердің нарраторлық

шеберлігі нақты деректер шеңберінен шықпай-ақ, шығармаға терең танымдық және эстетикалық мән бере алуынан аңғарылады. Демек, деректілік бұл ретте негізгі көркемдік тәсіл қызметін атқарады.

«Қаламгер және оның достары» атты тарихи фактілерге негізделген еңбегінде жазушы Мұқан Иманжановтың қысқа ғұмыры мен шығармашылық жолын бейнелей отырып, сол дәуірдің әдеби-мәдени және қоғамдық өмірін шынайы сипаттайды. Автор кейіпкер тұлғасын бағалай отырып: «...Ол аз өмір сүрді. Бірақ артына өшпес мұра қалдырды. Өйткені Мұқан Иманжанов жастық туралы жазды, мәңгілік махаббатты жырлады, асыл достықтың әнін шырқады» [4, 46], – деп оның шығармашылық мұрасына жоғары баға береді әрі авторлық эмоциялық қатынасын білдіреді.

Жазушы шығармашылығындағы деректілік негізді зерттеген ғалым Мұратбек Тоқтағазин: «Әзілхан Нұршайықов шығармашылығындағы ең басты ерекшелік – оның туындыларының нақты деректерге негізделуінде. Жазушы қолданған әрбір факт пен сан белгілі бір идеяға қызмет етіп, шығарманың мазмұндық құрылымының ажырамас бөлігіне айналады» [5, 19], – деп тұжырымдайды.

Алайда қаламгер өз шығармаларына арқау болған тұлғалардың өмір шындығын тек құжаттық деректермен шектелген жалаң баяндау түрінде ұсынбайды. Керісінше, ол деректерді көркемдік таныммен ұштастырып, кейіпкер болмысын тереңірек ашуға ұмтылады. Осы арқылы деректілік пен көркемдік бірлігін сақтай отырып, оқырманға әсерлі әрі мазмұнды туынды ұсынады.

Өртүрлі көркемдік тәсілдерді ұтымды пайдалану арқылы жазушы типтік образдар мен нанымды характерлер жасап, кейіпкердің ішкі әлемін терең ашады. Тіпті деректі материалдардың өзін көркем образдың жан дүниесін танытудың тиімді құралы ретінде қолданады. Осындай тәсілдердің айқын

көрінісін автордың Дінмұхамед Қонаев туралы естеліктерінен де байқауға болады.

Ә. Нұршайықов өзінің «Ел ағасымен екі кездесу» атты естелік-этиюдында: «Ұлы адамдармен үнемі жүздесе бермейсің. Сәті түскен шақтарда ғана кенеттен кездесіп қаласың. Сол кездесу санаңа сіңіп, ұмтылмай ойда жүреді. Қазақ халқының XX ғасырда туып, өмір сүрген ұлы перзенттерінің бірі Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевпен менің де екі рет кездескен сәтім бар» [1, 195], – деп, ел ағасының тұлғалық биігін ерекше ілтипатпен сипаттайды. Естелікте Қонаевтың іс-әрекеті мен адамдық болмысына жоғары баға беріліп, автордың осындай ірі тұлғамен кездесуден алған әсері шынайы әрі әсерлі жеткізіледі. Бұл баяндау тәсілі арқылы жазушы оқырман ойымен үндестік тауып, ортақ эмоционалдық кеңістік қалыптастырады.

Жалпы, әдеби-публицистикалық және көркем туындыларында деректілік пен көркемдікті шебер ұштастыра білген публицист-жазушы Әзілхан Нұршайықов нарраторлық шеберлігі жоғары қаламгер ретінде танылады. Оның шығармашылығын талдауда авторлық баяндау тәсіліне ерекше назар аудару қажет. Себебі көркем туындының нарративтік жүйесі көбіне автордың сөзі мен толғаныстары арқылы өріліп, мәтіннің құрылымдық тұтастығын қамтамасыз етеді. Осы тұрғыда автор мен нарратор қызметтері көп жағдайда өзара қабысып жатады.

Ғалым Р. Майтановтың пікірінше: «Авторлық сана жеке дара өмір сүрмейді, ол өзге саналармен байланыста болып, құрылымдық жағынан әртүрлі баяндау деңгейлерін қамтиды және жанрлық-стильдік ерекшеліктермен сабақтасады». Демек, баяндау тәсілі жазушы үшін шығармашылық мақсатқа жетудің маңызды құралы болып табылады және ол автордың идеясына, сондай-ақ шығарманың мазмұндық табиғатына сай таңдалады.

Ә. Нұршайықов шығармаларында оқиға деректілігі мен образ шынайылығына басымдық беріліп, көбіне бірінші жақтан баяндау тәсілі қолданылады. Бұл тәсіл авторға шындықты тікелей, нанымды түрде жеткізуге мүмкіндік береді. Белгілі жазушы Ш. Айтматов бірінші жақтан баяндаудың шектеулі мүмкіндіктерін атап көрсеткенімен, Ә. Нұршайықов бұл тәсілдің мүмкіндіктерін кеңейтіп, оны шығармашылық тұрғыдан тиімді пайдалана біледі.

Жазушы тек авторлық баяндаумен шектелмей, баяндаушы-нарраторды кейде кейіпкер деңгейіне көтерсе, кейде әңгімеші-нарратор қызметін атқартады. Сонымен қатар хаттар, күнделіктер, құжаттар сияқты ауызша-тұрмыстық баяндау формаларын енгізу арқылы мәтін мазмұнын кеңейтіп, көпқабатты құрылым қалыптастырады. Мұндай тәсілдер, біріншіден, шығарманың ықшамдылығын сақтай отырып, тартымдылығын арттырса, екіншіден, баяндалған оқиғалардың шынайылығын күшейтеді, үшіншіден, авторлық позицияны айқын көрсетеді.

Деректі-баяндау тәсілдері оқырманды иландыратын, ойлануға жетелейтін мәтіндер құруға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдер тек шындықты баяндаумен шектелмей, әлеуметтік мәселелерге назар аудартуды, күнделікті өмірде елеусіз қалатын құбылыстар мен оқиғаларды бағалауды мақсат етеді. Л. Гинзбургтің пікірінше, деректілік пен көркемдіктің үйлесімі оқырманды қоршаған әлем туралы терең ойға жетелейтін ерекше көркемдік атмосфера қалыптастырады.

Осы тұрғыдан алғанда, мұндай шығармалар тек әдеби немесе публицистикалық мәтін ғана емес, шындықтың көпқырлы көрінісін бейнелейтін көркемдік айна қызметін атқарады.

Жазушы шығармашылығының естелік және күнделік жазбаларында айрықша көзге түсетін маңызды тақырыптардың бірі – махаббат мәселесі.

Әзілхан Нұршайықов «Мәңгілік махаббат жыры» атты күнделік үлгісінде жазылған еңбегінде махаббат ұғымының мәнін терең әрі шынайы сипаттайды. Автор өз өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып, махаббаттың уақыт пен кеңістікке бағынбайтын мәңгілік құндылық екенін дәлелдейді.

Жазушының: «Халима апаларың екеуіміз бір-бірімізге тоғыз жыл ғашық болып қосылдық. Одан кейін елу төрт жыл қол ұстасып, ләззатты өмір сүрдік. Көп ғашықтар жете алмаған мәңгілік махаббатты басымыздан кешірдік...» [1], – деген жолдары оның жеке өміріндегі махаббаттың беріктігі мен адалдығын айқын көрсетеді. Сонымен қатар Қозы Көрпеш пен Баян сұлу бейітіне қатысты естеліктері арқылы автор ұлттық танымдағы ғашықтық символдарын жеке тағдырымен сабақтастырады. Бұл – жеке өмір тәжірибесін халықтық рухани құндылықтармен ұштастырудың көркем үлгісі.

Жазушы баяндауында ерекше қарапайымдылық пен табиғилық басым. Ол күрделі философиялық ұғымдарды қарапайым, түсінікті тілмен жеткізе отырып, кез келген оқырманға жақын бола алады. Әсіресе «мәңгілік махаббат», «серт пен уәде», «ғашықтық» сияқты ұғымдарды көркемдік тұрғыдан бейнелеуі арқылы автор адамзаттық құндылықтарды терең пайымдайды.

Осылайша, Ә. Нұршайықовтың күнделік жанрындағы туындылары тек жеке өмір шежіресі ғана емес, сонымен қатар махаббат феноменін көркемдік және философиялық тұрғыдан зерделейтін маңызды әдеби-танымдық еңбек ретінде бағаланады.

Әзілхан Нұршайықов шығармашылығында нақты өмірлік деректерді негізге ала отырып, оларды оқырманға қарапайым, түсінікті әрі жеңіл баяндау тәсілдері арқылы жеткізуінен оның даралық публицистік шеберлігі айқын көрінеді. Қаламгердің кез келген туындысынан лиризм мен эпикалық баяндаудың үйлесімді бірлігін байқауға болады. Атап айтқанда, «Мәңгілік

махаббат жыры» шығармасында деректілік лирикалық көркемдікпен ұштасып, мазмұндық және эмоционалдық тұтастық қалыптастырады. Автор тілінің қарапайымдылығы мен айқындығы бұл туындылардың кең аудиторияға қолжетімді болуын қамтамасыз етеді.

Ә. Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» шығармасында әскери өмір көріністері нақты деректер негізінде баяндалғанымен, көркемдік сипатынан айырылмайды. Шығарма композициясының диалогтық сұрақ-жауап формасында құрылуы авторлық концепцияны тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Бұл туындыда кейіпкерлер тек оқиға қатысушылары ретінде ғана емес, сонымен қатар авторлық идеяларды жеткізуші құрал қызметін атқарады. Көркемдік элементтер оқырманның эмоциялық қабылдауын күшейтіп, мәтіннің әсерлілігін арттырады. Сонымен қатар автор кейіпкерлердің ішкі әлемін, олардың сезімдері мен моральдық таңдауларын терең сипаттауға ерекше мән береді.

Осылайша, жазушы шығармаларында деректілік пен көркемдік өзара үйлесім тауып, оқырманға шынайы әрі әсерлі көркем әлем ұсынады.

Әдебиеттер тізімі

1. Нұршайықов Ә. Таңдамалы шығармаларының он томдығы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2005.
2. Қалқабаева С. Көркем шығарма поэтикасы. Монография. – Алматы: «Қазақ университеті» баспасы, 2021. – 257 б.
3. Нұршайықов Ә. Қаламгер және оның достары. – Алматы: «Өлке», 2005. – 448 б.
4. Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы, 2006. – 400 б.
5. Тоқтағазин М. Деректілік пен көркемдік. – Алматы: Арна, 2012. – 192 б.